

САПАСЫЗ ҚҰРЫЛЫС САН СОҚТЫРАДЫ

2

МЕРКІ ЖАСТАРЫНЫҢ МҰРАТЫ – БИІК, МАҚСАТЫ – АЙҚЫН

3




# JAMBYL TARAZ

№43 (2059) 3 маусым 2026 жыл, сәрсенбі    Қоғамдық-саяси газеті    1996 жылдың 16 ақпанынан бастап шығады


▶ ШАМШЫРАҚ

# ОЗАТ ӨРЕНДЕР – ҚҰРМЕТ ҚҰШАҒЫНДА

## *Қала әкімі Бақытжан Орынбеков дарынды оқушылармен кездесті*

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бақытты болашақ» оқушылар сарайында «Дарын Stars» атты халықаралық, республикалық интеллектуалдық жарыстар мен шығармашылық конкурстар жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

**Құрмаш ҚАПТАҒАЙ**

Салтанатты шараға Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков арнайы қатысып, ізгі тілегін білдірді.

– Қоғамның дамуына ерекше үлес қосатын, ғылымда, өнерде, спортта және техникада жетістікке жететін жастардың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан дарынды балаларды қолдау – мемлекет пен қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Қазіргі заман талаптарына сай жаңа үлгідегі мектептер саны жылдан-жылға артып отыр. Қаламызда ашылған 4 «Келешек мектебі» де жас ұрпақтың сапалы білім алуына жасалған үлкен қолдау екені сөзсіз. Дарынды жастардың жоғары білім алуына да мүмкіндіктер кеңейіп жатыр. «Болашақ» бағдарламасымен де мыңнан астам жас әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы оқу орындарында оқып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосып жатыр. Мұның барлығы – оқу-ағарту саласына мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан ауқымды қолдаудың нәтижесі, – деген Бақытжан Әмірбекұлы түрлі білім бәйгелерінде жеңіске жеткен оқушыларға, үздік мектеп ұжымдары мен ұлағатты ұстаздарға қала әкімінің Алғыс хаты мен Құрмет грамоталарын табыстады.



Осы ретте айта кетерлігі, биылғы оқу жылын қалада 96 мыңнан аса оқушы аяқтаса, оның 5 620-сы – мектеп бітірушілер. Түлектердің 137-сі – «Алтын белгіге», 220-сы «Үздік аттестатқа» үміткер. Сондай-ақ 50 түлек түрлі олимпиадалар мен конкурстарда көрсеткен нәтижелері үшін еліміздің және шетелдің беделді жоғары оқу орындарының гранттарын иеленді. Сонымен бірге тараздық дарынды оқушылар биыл халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда 97 медаль иеленді. Оның ішінде 32 жас өрен алтын медальға қол жеткізді.

Шара барысында «Бақытты болашақ» оқушылар сарайының «Шаттық» хор ұжымы, «Нұр-шашу» үлгілі камералдық оркестрі, «Камер-тон» эстрадалық вокал студиясы және «Желдірме» дәстүрлі әншілер ансамблі өнер көрсетіп, мерекелік шараның сәнін келтірді.

2

▶ ШАЛҚЫМА

Халқымыздың қалғып кеткен үмітін оятып, 1991 жылы аңсаған азаттықтың ақ таңы атты. Енді ел алдында Тәуелсіздікпен бірге тағдырлы міндеттер тұрды. Шекарасын шегендеп, қорғанысын күшейту, дербес әскерін жасақтау – жас мемлекеттің басты мұратына айналды. Сонымен қатар егемен елдің рухын асқақтатып, болмысын айшықтайтын мемлекеттік рәміздерді қабылдау да уақыт күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі болды.

2




# МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МАҢЫЗДЫ НЫШАНДАРЫ




## *Көне шаһардың шамшырағына – 30 жыл*

▶ ҚҰТТЫҚТАУ

## *Рәміздер – азаттығымыздың айғағы*

**Құрметті Тараз қаласының тұрғындары!**

Баршаңызды Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздігіміздің тұғыры, ұлттық бірегейлігіміз бен еліміздің мәртебесін айшықтайтын қасиетті құндылықтар. Көк Туымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – халқымыздың сан ғасырлық арман-мұратының, азаттық жолындағы күресінің, бүгінгі жетістіктері мен жарқын болашаққа деген сенімінің символы.

1992 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері ресми түрде бекітіліп, жас еліміздің жаңа тарихындағы маңызды кезең басталды. Содан бері көк байрағымыз әлемнің ең биік мінберлерінде желбіреп, Елтаңбамыз мемлекеттік институттардың беделі мен бірлігін бейнелеп келеді. Ал Әнұранымыз еліміздің әрбір азаматының жүрегінде туған жерге деген сүйіспеншілікті, Отанға деген адалдықты нығайтуда. Бүгінде Мемлекет басшысы айқындаған Әділетті Қазақстанды құру мақсатымен еліміз қарқынды дамудың даңғыл жолына түсті. Осынау игі жолда Мемлекеттік рәміздеріміз халқымызды ортақ мақсатқа жұмылдырып, татулық пен ынтымақтың, жасампаздық пен жаңғырудың белгісі ретінде қызмет етуде. Сондықтан әрқайсымыз мемлекеттік нышандарымызды құрметтеп, олардың қадір-қасиетін ұлықтауды азаматтық парызымыз деп ұғына білуіміз керек.

**Қадірлі жерлестер!**

Осынау мерейлі мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін! Мемлекеттік рәміздеріміздің айбыны әрдайым асқақтай берсін! Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, бірлігі бекем, болашағы жарқын болсын!

**Бақытжан ОРЫНБЕКОВ,**
**Тараз қаласының әкімі**


ЖАЗЫЛЫМ – 2026



KAZPOST

6 АЙ
Қала 4 453.50 тг
Ауыл 6 804.06тг

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

KASPI.KZ
6 АЙ – 3000 тг
6 АЙ
«Қыран Пресс» 3 900
«Тараз Пресс» 4 000
Жазылым индексі: 65605

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:
45-62-65 8 747 545 4566

www.z-taraz.kz | Жамбыл-Тараз қоғамдық-саяси газеті | jambyltaraz1996@gmail.com | jambyltaraz_channel

▶ ҚАДАҒА

# САПАСЫЗ ҚҰРЫЛЫС САН СОҚТЫРАДЫ

***Шаһар басшысы Бақытжан Орынбеков қаладағы бірқатар нысанды аралады***

Қала әкімі Бақытжан Орынбеков шаһар аумағындағы бірқатар құрылыс нысанын аралады. Ең әуелі шаһар басшысы Абай даңғылы бойында салынып жатқан теміржол үсті көпірінің құрылыс барысымен танысты.





**Құрмаш ҚАПТАҒАЙ**

Ұзындығы шамамен 1 шақырымды құрайтын нысан шаһардағы көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған маңызды жобалардың бірі саналады. Теміржол үстінен өтетін өткел қала орталығын теміржол желісінің арғы бөлігінде орналасқан тұрғын алқаптармен тікелей байланыстырады. Бұл, өз кезегінде, тұрғындардың қатынауын жеңілдетіп, уақыт үнемдеуге және көлік қозғалысының қолайлылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Шаһар басшысы нысандағы құрылыс жұмыстарының қарқынын, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын және жобаның жүзеге асырылу мерзіміне назар аударып, жауапты сала өкілдері мен обаның бас мердігері – «Қазақдорстрой» ЖШС басшыларынан есеп алды. Сондай-ақ құрылыс барысында қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, жұмыстарды белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтау қажеттігін атап өтті.

Қазіргі таңда теміржол өткелдерінде көлік қозғалысының жиі кідіріп қалуы тұрғындарға белгілі бір қолайсыздықтар туғызуда. Жаңа көпір пайдалануға берілгеннен кейін аталған мәселе өз шешімін тауып, көлік ағынының үздіксіз қозғалысы қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Құрылысы былтыр басталған нысанды биыл пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Бұдан кейін Бақытжан Әмірбекұлы «М-3» жылу магистраліндегі құрылыс жұмыстарының барысын көрді. Қазіргі таңда аталмыш нысанда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Арнайы техника мен білікті мамандар жұмылдырылып, жылу желілері кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр. Жоба аясында ескірген құбырлар жаңасына ауыстырылып, жылу жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін арттыру көзделген.

Жалпы, шаһардағы жылу инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары соңғы жылдары жүйелі түрде қолға алынуда. Атап айтқанда, 2024-2025 жылдары Сыпатай батыр, Төле би және Қ.Тұрысов көшелерінің бойымен өтетін «М-1» жылу магистралін қайта жаңғырту жобасы толық іске асырылып, нәтижесінде 6 138 метр жылу құбыры жаңартылған болатын. Бұл, өз кезегінде, жылу желілерінің тозу деңгейін төмендетіп, тұрғындарға көрсетілетін коммуналдық қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар өткен жылы Жамбыл даңғылының Төле би даңғылынан Әйтеке би көшесіне дейінгі аралықта орналасқан «М-3» жылу магистралінің 650 метр бөлігі жаңғыртудан өтті. Аталған жұмыстар жылу беру маусымындағы апаттық жағдайлардың алдын алуға және жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бойынша шаһар басшысы құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімінде орындалуына ерекше назар аударды. Сондай-ақ қауіпсіздік талаптарының сақталуы мен тұрғындарға қолайсыздықтарды барынша азайту мәселелері де назардан тыс қалмауға тиіс екенін жеткізді. Жоспарға сәйкес, жаңғырту жұмыстарын 1 айдың көлемінде аяқтап, уақытша жабылған көлік қозғалысын қалпына келтіру көзделуде.

Әрі қарай қала әкімі «Самал» (7) және «Алатау» шағынаудандарындағы кварталішілік жылу желілерін қайта жаңғырту жұмыстарының барысына қанықты. Қазіргі таңда аталмыш шағынаудандардағы ескірген құбырлар мен инженерлік желілер кезең-кезеңімен жаңартылып, заманауи талаптарға сай жаңа жүйелер орнатылып жатыр.

Келесі кезекте шаһар басшысы «Отбасын қолдау орталығы» ғимаратында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен танысты. «Қаратау» шағынауданы, №39 «А» мекенжайында орналасқан нысанда ауқымды жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қараусыз қалған ғимарат толықтай күрделі жөндеуден өтіп, заманауи талаптарға сай жаңартылып, жаңа келбетке ие болуда. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін аталған нысан Тараз қаласы әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ретінде пайдалануға берілмек. Бұл орталық азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету, кеңес беру және түрлі қолдау шараларын ұйымдастыру бағытында қызмет атқарады.

Қала әкімінің нысандарды аралауы №54 орта мектеппен түйінделді. 1 200 оқушыға арналған білім ордасында қазіргі таңда ауқымды жаңғырту жұмыстары жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде нысанда ішкі және сыртқы әрлеу, инженерлік желілерді жаңарту, оқу кабинеттерін заманауи талаптарға сәйкестендіру, сондай-ақ ғимараттың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруға бағытталған жұмыстар қарқынды жалғасуда. Қазіргі уақытта жоспарланған жұмыстардың шамамен 60 пайызы орындалған. Құрылыс мердігері – «Alatau Prime Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жаңғырту нәтижесінде мектептің материалдық-техникалық базасы жақсарып, білім алушылар мен педагогтар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырылады. Оқу кабинеттері заман талабына сай жабдықталып, ғимараттың инфрақұрылымы толықтай жаңартылмақ. Жаңғыртудан өткен білім ордасын жаңа кейіпте 1 қыркүйек күні жаңа оқу жылының басталуына орай пайдалануға беру көзделіп отыр.

Шаһар басшысы әрбір құрылыс нысанының сапасы мен мерзімінде аяқталуына ерекше назар аударып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді. Өз кезегінде мердігер ұйым өкілдері барлық жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауға күш салынатынын жеткізді.

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

# ОЗАТ ӨРЕНДЕР – ҚҰРМЕТ ҚҰШАҒЫНДА

***Қала әкімі Бақытжан Орынбеков дарынды оқушылармен кездесті***

Сонымен қатар 2026 жылғы жас түлектер, халықаралық және республикалық олимпиада, ғылыми жоба байқауының жүлдегерлері ақжарма тілектерін жеткізіп, «Дарын» жалауын кейінгі жас буынға салтанатты түрде табыстады.

Осылайша, «Дарын Stars» салтанатты рәсімі жас дарындардың жетістігін дәріптеп қана қоймай, олардың ғылым мен білімге деген құштарлығын арттырып, жаңа белестерге ұмтылуына үлкен серпін берді



▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ



# МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МАҢЫЗДЫ НЫШАНДАРЫ

### ТУ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ

Көк аспанда желбіреген көк байрақ – тәуелсіз қазақ елінің асқақ рухы мен азаттығының айғағы. Тарихқа сәл шегініс жасасақ, 1992 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ресми түрде бекітілді. Көк Тудың авторы – белгілі суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков. Иә, осы бір аңызға айналған тұлға туралы айтылған шақта әулиеаталық әр ағайынның кеудесін мақтаныш сезімі керейді. Себебі табиғат сыйлаған талант иесі Тараздың іргесінде өмір есігін ашқан. Нақтырақ айтсақ, Шәкен Оңласынұлы 1938 жылы 12 қарашада Жамбыл ауданының Бесжылдық, бүгінде өзінің атымен аталатын ауылда туған.

Бүгінде ақпарат көздерінде Шәкен Ниязбековтың «пультті» ойлап тапқаны, кеңестік кезеңде әйгілі «Волга» жеңіл автокөлігін құрастырған бес инженердің бірі екені туралы айтылады. Ал Тудың авторы атану үшін 600-ге тарта автор қатысқан байқауда оқ бойы озып шығу оңай емес екені анық. Ол туралы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен ақсақал бір сұхбатында: «Конкурс екі айға созылды. Бірінші отырыс, екінші отырыс, үшінші отырыс болды. Ар жағының санын білмеймін. Әйтеуір көп болды. Біреуге анау ұнайды, біреуге мынау ұнайды дегендей. Бірінші орын алғанға дейін мен барлық идеямды толық көрсетпей жүрдім. Себебі сол конкурсқа қатысқандар өз жақтаушыларын әбден «менің сөзімді сөйле» деп көндіріп алған. Соны байқадым. Бәрі бір-бірімен айтысып болғаннан кейін соңғы нұсқамды көрсеттім», – деген екен.

### ӘНҰРАН – АЗАТТЫҚТЫҢ АЛДАСПАНЫ

Қазақстанның Мемлекеттік Әнұраны – азаттыққа қол жеткізген елдің асқақ рухын әйгілейтін қасиетті шығарма. Алайда Әнұран туралы сөз қозғалғанда көп жағдайда тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданған алғашқы және қазіргі гимнмен ғана шектеліп жатамыз. Шын мәнінде, қазақ халқы әр тарихи кезеңде елдік мұрат пен ұлт рухын арқау еткен әнұрандар туғызған. Мәселен, азаттықты аңсаған Алаш арыстары тұсында қазақ көшбасшылары халықтың арман-аңсарын, еркіндікке деген ұмтылысын жырға қосып, оны ел рухын көтеретін ұранға айналдырды.

Айталық, 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында екінші Жалпықазақ құрылтайы өткені белгілі. Соның нәтижесінде 1918 жылдың 25 маусымында Алаш полкы құрылады. Алаш әскері болғасын, оның басшысы, жетекшісі, әскерге қуат пен жігер беретін ұран әні, әскери маршы болатыны заңды құбылыс. Ел арасында «Алаш маршы» атанып кеткен бұл өлең сол Алаш әскерінің Әнұраны болған. Сөзінің авторы – Жүсіпбек Аймауытұлы. Әні Алаш әскерін құрушылардың бірі – Міржақып Дулатұлынікі делінеді. Дегенмен, XX ғасыр басындағы әлеуметтік, қоғамдық, саяси қозғалыстар қазақ халқының болмысына, тарихи санасына айтарлықтай әсер еткені тарихтан белгілі. Алаштықтармен бірге Әнұран да «атылып» кетті...

Сұрапыл соғыстың оты қызған 1943 жылы Совет үкіметі одақтас елдердің өз алдына гимні болу керек деген арнайы бұйрық шығарады. Сонымен әр республика өз Әнұранын дайындауға кіріседі. Конкурстар жариялайды, келіп түскен мәтіндерді, музыканы талдайды, талқылайды. Соның нәтижесінде 27 жастағы Қайым Мұхамедхановтың өлеңі жеңімпаз атанады. «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған» деп басталатын ән 1945-1991 жылдар арасында қазақ даласында шырқалып тұрды.

Ал 1991 жылы азаттықтың ақ таңы атқан сәтте тарихтың тереңінен тамыр тартып, келешекке бағыт алған жас мемлекетке жаңа Мемлекеттік Әнұран қажет болды. Тәуелсіздігінің бірінші жылында, Қазақстан Республикасының рәміздерін жасақтау барысында әуелі әнұранның сөзіне конкурс жариялайды. Байқау барысында Қазақ КСР гимнінің музыкалық құрамы сақталады. Сөйтіп 750 жобаның арасынан Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди бірігіп жазған музыкаға,Қайым Мұхамедханов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева бірлесе жазған ән мәтіні жеңіске жетеді. Осылайша 1992 жылы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Әнұраны қабылданды.

Дегенмен, ел арасында «ән мәтіні күрделі, көпшілік оны жатқа айта бермейтін әрі кеңестік дәуірдің музыкалық сарындары сақталған» деген пікірлер жиі айтыла бастады. Осылайша Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2006 жылы 6 қаңтарда Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Әбішұлының сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» ҚР Парламентінде Қазақстанның Мемлекеттік Әнұраны болып бекітілді.

### ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫР ТОҒЫСҚАН ТАҢБА

Әр халықтың тарихын, рухын және арман-мұратын айшықтап тұратын қасиетті белгілері болады. Қазақ халқы үшін сондай қастерлі нышандардың бірі – Мемлекеттік Елтаңба.

Жалпы, таңба ұғымы қазақ халқына ежелден таныс. Көшпелі өмір салтын ұстанған бабаларымыз әр ру мен тайпаның өзіндік таңбасын қалыптастырды. Ол тек меншік белгісі ғана емес, ұрпақ сабақтастығын, бірлікті және ата-текке деген құрметті білдіретін құндылық саналды. Түркі дәуірінен бастау алатын осы дәстүр уақыт өте келе ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналды.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін жаңа мемлекеттің рәміздерін жасау міндеті тұрды. Өйткені жаңа рәміздер азат елдің болмысын, мақсатын және болашаққа деген сенімін бейнелеуге тиіс болатын. 1992 жылы жарияланған байқауға жүздеген жоба ұсынылып, нәтижесінде сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихановтың еңбегі үздік деп танылды. Осылайша 1992 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы ресми түрде қабылданды.

Елтаңбаның жүрегі – шаңырақ. Қазақ үшін шаңырақ – отбасының ғана емес, тұтас елдің бірлігінің белгісі. «Шаңырағың биік болсын» деген ақ тілек ғасырлар бойы ұлттың тұтастығын аңсап өткен халықтың арманына айналды. Елтаңбадағы ортақ шаңырақ бүгінде Қазақстанды мекендеген барлық ұлт пен ұлыстың татулығын бейнелесе, қанатын кең жайған пырақтар да терең мағынаға ие. Қазақ эпостарындағы тұлпарлар еркіндіктің, батырлықтың және асқақ рухтың символы ретінде суреттеледі. Ал Елтаңбаның төбесіндегі жұлдыз елдің жарқын болашағына деген сенімді білдіреді.

**Жұматай КӨКСУБАЙ**

ЕЛ ЕРТЕҢІ



# МЕРКІ ЖАСТАРЫНЫҢ МҰРАТЫ – БИІК, МАҚСАТЫ – АЙҚЫН

Жастар – кез келген мемлекеттің стратегиялық ресурсы, қоғамның қозғаушы күші және кемел келешектің кепілі. Сондықтан жастарды қолдау, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, жұмыспен қамту, құқықтық сауаттылығын арттыру, патриоттық рухын нығайту және қоғамдық өмірге белсенді араласуына мүмкіндік беру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып отыр.




Осы орайда Меркі ауданында жастар саясатын жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып, жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, олардың әлеуетін дамытуға және қоғамдағы белсенділігін арттыруға басымдық берілуде. Айталық, бүгінде аудан халқының жалпы саны – 87 324 адам болса, оның 24 921-ін 14-35 жас аралығындағы жастар құрайды. Бұл – жалпы халық санының 28,5 пайызы.

Жастарды жұмыспен қамту – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының маңызды бағыттарының бірі. Осы бағытта Меркі ауданында жастарды жұмыспен қамтуға, олардың білім алып, кәсіп меңгеруіне, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына және еңбек нарығында өз орнын табуына жан-жақты жағдай жасалуда. Мәселен, биылғы қаңтар-сәуір айлары аралығында аудан жастарын жұмыспен қамту бойынша нәтижелі жұмыстар атқарылды. Осы кезеңде 172 жас тұрақты жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 22 жас – «Жастар практикасы» бағдарламасына, 83 жас – бос жұмыс орындарына, 18 жас – «Бастау Бизнес» жобасына, 47 жас – қоғамдық жұмыстарға, ал 2 жас әлеуметтік жұмыс орындарына жолданды.

Сонымен қатар аудандық «Мансап» орталығымен бірлесіп 3 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылып, оған 150-ге жуық тұрғын мен жұмыссыз жастар қатысты. Жәрмеңке барысында 89 бос жұмыс орны ұсынылып, нәтижесінде 34 жас тұрақты жұмысқа орналасты. Сондай-ақ 3 жас кәсіби оқыту курстарына жіберілсе, 2 жас жастар тәжірибесі бағдарламасына жолдама алды. 110 жасқа түрлі бағытта кеңес берілді.

«Жастарға кеңес» жобасы аясында аудан жастарын ақпараттандыру мақсатымен 4 кеңес беру алаңы өткізіліп, оған 200-ге жуық жас пен тұрғын қатысты. Нәтижесінде 12 жас – «Жасыл ел» бағдарламасымен, 4 жас – «Жастар практикасы» бағдарламасымен және 3 ауыл тұрғыны ақылы қоғамдық жұмысшы ретінде екі қолға бір күрек тапты.

Жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауатты арттыру бағытындағы жұмыстар да тұрақты жалғасуда. Айталық, «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында жылдың алғашқы 4 айында 44 іс-шара өткізіліп, оған 1 700-ге жуық жас қамтылды. «Жастар және қылмыс», «Құқықбұзушылық және заңдық жауапкершілік», «Жасөспірімдердің қауіпсіздігі», «Қауіпсіз мектеп» тақырыптарында кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар мен акциялар ұйымдастырылды. Бұған қоса «Қоғам сақшысы» жобасы аясында полиция қызметкерлері мен білім бөлімінің мамандары бірлесіп 18 түнгі рейдтік зерделеу жұмыстарын жүргізді. Бұл бағыттағы жұмыстар апта сайын жалғасып келеді. Айта кету керек, 2025 жылы құқық бұзушылық жасаған жастар саны 27 болса, қазір бұл көрсеткіш 17-ге дейін төмендеген. Бұл профилактикалық жұмыстардың нәтижесін көрсетеді.

Табиғатты қорғау мен қоршаған ортаның тазалығын сақтау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Әсіресе, жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, олардың табиғатқа деген жанашырлығы мен жауапкершілігін арттыру бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі саналады. Өйткені қоршаған ортаның тазалығы мен табиғи байлықтардың сақталуы – келер ұрпақтың жарқын болашағының кепілі.

Меркі ауданында да жастар аталған ауқымды акцияны кеңінен қолдап, қоршаған ортаны қорғау, елді мекендерді абаттандыру және экологиялық мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстарға белсенді атсалысуда. Олардың табиғатқа деген жанашырлығы мен қоғамдық жауапкершілігі ауданның көркеюіне және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға өз үлесін қосып келеді. Нақтырақ айтсақ, биылғы 4 айда аталмыш акция шеңберінде 59 іс-шара өткізіліп, оған 1 180 ерікті жас қамтылды. Оның ішінде жастар арасында экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған 1 кездесу өткізілді. Сонымен қатар аудан аумағын көгалдандыру мақсатында 5 тал отырғызу акциясы ұйымдастырылды. Тазалық пен қоршаған ортаны қорғау бағытында саябақтарда, ауылдық округтер мен қоғамдық орындарда 51 тазалық акциясы өткізіліп, қоқыстар тазартылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштер мен тарихи орындар аумағында 2 арнайы тазалық акциясы ұйымдастырылып, жастар тарапынан құрмет көрсетілді.

Биылғы Халықаралық еріктілер жылы аясында аудан жастары волонтерлық қызметке де белсенді қатысып жатыр. Осы мақсатпен Жастар ресурстық орталығы жанынан құрылған «Merki eriktileri» еріктілер қозғалысы 15 бағыт бойынша 277 іс-шара өткізіп, оған 5 200-ден аса ерікті жас тартылды. Атап айтқанда, «Жануарларға волонтерлік қызмет» бағыты бойынша – 8, «Этноволонтерлық» бағыты бойынша – 21, «Білім беру саласы» бағыты бойынша – 13, «Нашақорлықтың және басқада тәуелділікітің алдын алу» бағыты бойынша – 12, «Медицина» бағыты бойынша – 11, «Қарттар мен жалғыз басты адамдармен жұмыс» бағыты бойынша – 45, «Көпшілік кеңістіктерді дамыту» бағыты бойынша – 2, «Гуманитарлық-әлеуметтік көмек» бағыты бойынша – 21, «Экология» бағыты бойынша – 57, «Төтенше жағдай» бағыты бойынша – 15, «Медиаволонтер» бағыты бойынша – 12, «Өнер саласындағы волонтерлық» бағыты бойынша – 36, «Ерекше қабілеттігі бар балалар» бағыты бойынша – 6, «Спорттық және салауатты өмір салты» бағыты бойынша 18 іс-шара өткізілді.

Аудандық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жыл басынан бері түрлі бағытта 467 іс-шара өткізіліп, оған 11 мыңнан астам тұрғын мен жас қамтылды. Оның ішінде рухани-адамгершілік бағытта – 101, әскери-патриоттық – 19, спорттық – 18, мәдени-шығармашылық – 49, құқықтық – 65, діни – 33, психологиялық-танымдық – 42, жастарға кеңес беру – 57, экологиялық мәдениет – 59, этносаралық келісім – 16, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша 8 іс-шара ұйымдастырылды.

Сондай-ақ жастарды еңбекке баулу және олардың маусымдық жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатымен «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 100 жасты жұмыспен қамту жоспарланған. Осы жылдың сәуір айында 35 жас еңбек жасақтарына тартылды. Нәтижесінде аудан аумағындағы жалпы көлемі 9 700 аумақ тазаланып, 18 тонна күл-қоқыс шығарылды. Сонымен қатар гүлзарларға гүл егіліп, ағаштар отырғызылды.

Ауданда қайырымдылық пен жанашырлық мәдениетін дамыту бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. «Игі іс» қайырымдылық жобасы аясында 69 іс-шара өткізіліп, оған 850-ден астам белсенді жас қамтылды. Нәтижесінде аз қамтылған және жағдайы төмен 21 отбасыға Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері мен еріктілер тарапынан азық-түлік түріндегі көмек көрсетілді. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі 5 жасқа азық-түлік беріліп, 43 жалғызілікті қарияға үй шаруасына көмек көрсетілді.

Жасөспірімдерге рухани тәрбие, өмірлік бағдар мен ақыл-кеңес беру мақсатымен ауданымыздың ардагерлері мен жастардың арасында тәрбиелік байланысты нығайтуға бағытталған «Бабалар салған ізбенен» жобасы іске асырылып отыр. Жоба аясында ауданға еңбегі сіңген қариялар мен ардагер ұстаздар, аналар кеңесінің төрайымы және аудандық билер кеңесінің мүшелерінің қатысуымен жалпы 11 кездесу өткізіліп, оған 200-ден астам жасөспірім қатысты. Аталмыш жоба аясында жастарға рухани құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрлерді насихаттау, тәлім-тәрбие беру арқылы олардың сана-сезімін, мәдени жауапкершілігін және азаматтық ұстанымдарын нығайту көзделіп отыр. Мұндай кездесулер жас буынның ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, үлкен буын мен жастар арасындағы сабақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы, Меркі ауданында жастарды қолдау, олардың құқықтық сауатын арттыру, жұмыспен қамту, еріктілік мәдениетін дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табуда. Бұл – жастардың болашағына жасалған маңызды инвестиция әрі ел ертеңіне деген сенімнің айқын көрінісі. Бүгінде аудан жастары қоғамдық бастамаларға белсенді қатысып, еңбек пен білімге ұмтылу, еріктілік қызметті дамыту, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру бағытында өз үлестерін қосып келеді. Мемлекеттік қолдау шаралары мен жүйелі ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде жастардың мүмкіндіктері кеңейіп, олардың қоғамдағы рөлі арта түсуде.

Алдағы уақытта да өңірде жастар саясатының негізгі бағыттары бойынша жұмыстар қарқын алып, жас ұрпақтың әлеуетін толық ашуға, олардың бастамаларын қолдауға және ел дамуына үлес қосатын белсенді азаматтарды қалыптастыруға бағытталған жобалар мен бағдарламалар үздіксіз жүзеге асырыла береді.

**Нұрбек ЖҰМАНАЗАРОВ,**
**Меркі ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры**

**Қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы**
**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес, «Ақтас Энерджи» ЖШС
Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт «Мирный» жел электр станциясын (ЖЭС) салу. 500 кВ «Шу» қосалқы станциясын (ҚС) қайта жаңғырту
Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.
Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

| № | X(UTM43) | Y(UTM43) | Ендік | Бойлық |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 4814278.563 | 390442.870 | 43°28'24.24701»N | 73°38'43.58329»E |
| 2 | 4814222.478 | 390704.957 | 43°28'22.56750»N | 73°38'55.28616»E |
| 3 | 4814149.088 | 390689.500 | 43°28'20.18105»N | 73°38'54.65136»E |
| 4 | 4814205.196 | 390427.303 | 43°28'21.86123»N | 73°38'42.94371»E |

Жоспарланған қызмет елді мекендердің аумағына әсер етпейтінін ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар жақын маңдағы елді мекеннің аумағында өткізілетін болады.
Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайларда өтеді:
- 10 шілде сағат 10:00. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, Арқалық көшесі, №7 үй, Мәдениет үйі.

***Жоспарланған қызметтің бастамашысы:***
«Ақтас Энерджи» ЖШС
БСН: 201040005619
Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, №15 «А», «Q» бизнес-орталығы, А блогы, 7-қабат
Электрондық пошта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com Телефон: +7 701 244 2288

***ҚОҚ жобасын әзірлеушінің байланыс деректері:***
«Build Master Group» ЖШС БСН: 000640008036
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, №60/2
Электрондық пошта: varrik.m@pbmg.pro Телефон: +7 701 668 7007

Жоба материалдарымен келесі ресурстар арқылы танысуға болады:
- www.ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде
- Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын www.ndbecology.gov.kz сайтында, ақпараттық жүйе (АЖ) арқылы, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады.
Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады:
- aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244 2288

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін тіркелу QR код арқылы қолжетімді
Қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі/идентификаторы: 992-001-876-709

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=992001876709

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**
**о проведении общественных слушаний по проекту оценки воздействия на окружающую среду**
**В соответствии с требованиями Экологического кодекса Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, ТОО «Актас Энерджи» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту:**
Раздел охраны окружающей среды
Строительство ВЭС «Мирный» 1 ГВт в Жамбылской области. Реконструкция ПС 500 кВ «Шу»
Географические координаты территории воздействия:

| № | X(UTM43) | Y(UTM43) | Широта | Долгота |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 4814278.563 | 390442.870 | 43°28'24.24701»N | 73°38'43.58329»E |
| 2 | 4814222.478 | 390704.957 | 43°28'22.56750»N | 73°38'55.28616»E |
| 3 | 4814149.088 | 390689.500 | 43°28'20.18105»N | 73°38'54.65136»E |
| 4 | 4814205.196 | 390427.303 | 43°28'21.86123»N | 73°38'42.94371»E |

Учитывая, что намечаемая деятельность не будет оказывать воздействие на территорию населенных пунктов, общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта.
Общественные слушания состоятся:
- г. Шу — 10 июля 2026, в 10:00 по адресу: Жамбылская область, Шуский район, г. Шу, Аркалык д 7, Дом культуры 18

**Инициатор намечаемой деятельности:**
ТОО «Актас Энерджи»
БИН: 201040005619
Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, пр. Кабанбай батыра 15А, Бизнес-центр «Q», блок А, 7-ой этаж
Электронная почта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com
Телефон: +7701 2442288

**Контактные данные разработчика РООС:**
ТОО «Build Master Group»
БИН: 000640008036
Адрес: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Сыганак 60/2
Электронная почта: : varrik.m@pbmg.pro Телефон: +7 701 668 7007

Материалы проекта доступны для ознакомления:
- В информационной системе www.ndbecology.gov.kz
- на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat

Замечания и предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до проведения общественных слушаний на сайте www.ndbecology.gov.kz, ИС, а также по адресу электронной почты s.agabek@zhambyl.gov.kz.
Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам:
aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244 2288
Регистрация для участия в общественных слушаниях доступна по QR коду (QR код на Microsoft Forms)
Онлайн подключение к общественным слушаниям доступно по ссылке
Идентификатор встречи: 992-001-876-709

Подключиться к встрече в Qosyl:
https://meet.qosyl.kz/meeting?room=992001876709

**Қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы**
**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес, «Ақтас Энерджи» ЖШС
Жамбыл облысында қуаттылығы 1 ГВт «Мирный» жел электр станциясын салу.
1-кезек. 250 МВт жел электр станциясы»
Қоршаған ортаны қорғау бөлімі
жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.
Әсер ету аймағының географиялық координаттары: Жамбыл облысы

1-кезек. 250 МВт жел электр станциясының координаттары

| **1 кезек ЖЭС** | **Қосалқы жол** |
|---|---|
| 44°34'18» 73°28'07» | 44°28'00" 73°39'58" |
| 44°34'50» 73°31'21» | 44°26'44" 73°41'40" |
| 44°33'32» 73°34'07» | 44°26'29" 73°42'30" |
| 44°29'23» 73°36'54» | 44°25'39" 73°44'03" |
| 44°29'17» 73°35'30» | 44°24'17" 73°46'10" |
| 44°30'18» 73°33'12» | 44°20'39" 73°46'03" |
| 44°31'11» 73°33'38» | 44°18'06" 73°44'16" |
| 44°31'56» 73°31'59» | 44°16'28" 73°43'24" |
| | 44°15'36" 73°43'55" |
| | 44°14'16" 73°45'35" |
| | 44°14'22" 73°46'58" |
| | **Лагерь** |
| | 44°39'42» 73°28'14» |

Жоспарланған қызмет елді мекендердің аумағына әсер етпейтінін ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар жақын маңдағы елді мекеннің аумағында өткізілетін болады.
Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайларда өтеді:
- 10 шілде 2026 сағат 15:00. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мирный ауылы, Абылай хан көшесі, №7 үй.

**Жоспарланған қызметтің бастамашысы:**
**«Ақтас Энерджи» ЖШС**
БСН: 201040005619
Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, №15 «А», «Q» бизнес-орталығы, А блогы, 7-қабат
Электрондық пошта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com Телефон: +7 701 244 2288

**ҚОҚ жобасын әзірлеушінің байланыс деректері:**
«Build Master Group» ЖШС БСН: 000640008036
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, №60/2
Электрондық пошта: varrik.m@pbmg.pro
Телефон: +7 701 668 7007

Жоба материалдарымен келесі ресурстар арқылы танысуға болады:
- Бірыңғай экологиялық портал: www.ndbecology.gov.kz
- Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайты: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын www.ndbecology.gov.kz сайтында, ақпараттық жүйе (АЖ) арқылы, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады.
Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады:
aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244 2288
Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін тіркелу Microsoft Forms платформасындағы QR-код арқылы қолжетімді.
Онлайн қосылу келесі сілтеме арқылы жүзеге асырылады: Идентификатор: 966-780-340-077 https://meet.qosyl.kz/meeting?room=966780340077

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**
**о проведении общественных слушаний по проекту оценки воздействия на окружающую среду**
**В соответствии с требованиями Экологического кодекса Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, ТОО «Актас Энерджи» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту:**
Раздел охраны окружающей среды «Строительство ВЭС «Мирный» 1 ГВт в Жамбылской области 1-я очередь. ВЭС 250 МВт» Географические координаты территории воздействия:

| Основная площадка 1 очереди ВЭС | **Подъездная дорога** |
|---|---|
| 44°34'18» 73°28'07» | 44°28'00" 73°39'58" |
| 44°34'50» 73°31'21» | 44°26'44" 73°41'40" |
| 44°33'32» 73°34'07» | 44°26'29" 73°42'30" |
| 44°29'23» 73°36'54» | 44°25'39" 73°44'03" |
| 44°29'17» 73°35'30» | 44°24'17" 73°46'10" |
| 44°30'18» 73°33'12» | 44°20'39" 73°46'03" |
| 44°31'11» 73°33'38» | 44°18'06" 73°44'16" |
| 44°31'56» 73°31'59» | 44°16'28" 73°43'24" |
| | 44°15'36" 73°43'55" |
| | 44°14'16" 73°45'35" |
| | 44°14'22" 73°46'58" |
| | **Временный лагерь** |
| | 44°39'42» 73°28'14» |

Учитывая, что намечаемая деятельность не будет оказывать воздействие на территорию населенных пунктов, общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта.
Общественные слушания состоятся:
- с. Мирный — 10 июля 2026, в 15:00 по адресу: Жамбылская облсать, Мойынкумский район, с. Мирный, ул. Абылай хана дом 7

**Инициатор намечаемой деятельности:**
ТОО «Актас Энерджи»
БИН: 201040005619
Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, пр. Кабанбай батыра 15А, Бизнес-центр «Q», блок А, 7-ой этаж
Электронная почта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com
Телефон: +7701 2442288

**Контактные данные разработчика РООС:**
ТОО «Build Master Group»
БИН: 000640008036
Адрес: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Сыганак 60/2
Электронная почта: : varrik.m@pbmg.pro Телефон: +7 701 668 7007

Материалы проекта доступны для ознакомления:
- на Едином экологическом портале по ссылке www.ndbecology.gov.kz
- на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat

Замечания и предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до проведения общественных слушаний на сайте www.ndbecology.gov.kz, ИС, а также по адресу электронной почты s.agabek@zhambyl.gov.kz.
Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам:
aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244 2288
Регистрация для участия в общественных слушаниях доступна по QR коду

Время встречи: 10.07.2026 15:00. Идентификатор встречи: 966-780-340-077
Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=966780340077

A

→ 5

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 4-БЕТТЕ

**Қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасы бойынша**
**қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы**
**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес, «Ақтас Энерджи» ЖШС
Жамбыл облысында қуаттылығы 1 ГВт «Мирный» жел электр станциясын салу.
2-кезең. 250 МВт жел электр станциясы»
Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.
Әсер ету аймағының географиялық координаттары: Жамбыл облысы

**2-кезең. 250 МВт жел электр станциясының координаттары**

44.630169N 73.391069E
44.666074N 73.462137E
44.579571N 73.587793E
44.574925N 73.46248E

Жоспарланған қызмет елді мекендердің аумағына әсер етпейтінін ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар жақын маңдағы елді мекеннің аумағында өткізілетін болады.
Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайларда өтеді:

- 10 шілде 2026 сағат 16:00. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мирный ауылы, Абылай хан көшесі, №7 үй

**Жоспарланған қызметтің бастамашысы:**
«Ақтас Энерджи» ЖШС
БСН: 201040005619
Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, №15 «А», «Q» бизнес-орталығы, А блогы, 7-қабат
Электрондық пошта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com Телефон: +7 701 244 2288

**ҚОҚ жобасын әзірлеушінің байланыс деректері:**
«Build Master Group» ЖШС БСН: 000640008036
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, №60/2
Электрондық пошта: varrik.m@pbmg.pro
Телефон: +7 701 668 7007

Жоба материалдарымен келесі ресурстар арқылы танысуға болады:

- Бірыңғай экологиялық портал: www.ndbecology.gov.kz
- Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайты: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын www.ndbecology.gov.kz сайтында, ақпараттық жүйе (АЖ) арқылы, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады.
Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com, телефон: +7 701 244 2288
Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін тіркелу Microsoft Forms платформасындағы QR-код арқылы қолжетімді.
Қоғамдық тыңдауларға онлайн қатысу келесі сілтеме арқылы қолжетімді:

Онлайн қосылу келесі сілтеме арқылы жүзеге асырылады: Идентификатор: 974-710-156-842 https://meet.qosyl.kz/meeting?room=974710156842

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**
**о проведении общественных слушаний по проекту оценки воздействия на окружающую среду**
**В соответствии с требованиями Экологического кодекса Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, ТОО «Актас Энерджи» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту:**
Раздел охраны окружающей среды «Строительство ВЭС «Мирный» 1 ГВт в Жамбылской области 2-я очередь. ВЭС 250 МВт»
Географические координаты территории воздействия:

Координаты площадки 2-я очередь. ВЭС 250 МВт

44.630169N 73.391069E
44.666074N 73.462137E
44.579571N 73.587793E
44.574925N 73.46248E

Учитывая, что намечаемая деятельность не будет оказывать воздействие на территорию населенных пунктов, общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта.
Общественные слушания состоятся:

- с. Мирный — 10 июля 2026, в 16:00 по адресу: Жамбылская облсать, Мойынкумский район, с. Мирный, ул. Абылай хана дом 7

**Инициатор намечаемой деятельности:**
ТОО «Актас Энерджи»
БИН: 201040005619
Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, пр. Кабанбай батыра 15А, Бизнес-центр «Q», блок А, 7-ой этаж
Электронная почта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com
Телефон: +7701 2442288

**Контактные данные разработчика РООС:**
